



МРНТИ 18.45.07

М. Жақсылықова 1

<sup>1</sup> Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,  
Алматы, Қазақстан

# ҚАЗАҚСТАН САХНА ӨНЕРІНІҢ ДАМУ КОНТЕКСТІН- ДЕГІ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ҚАЗАҚСТАН САХНА ӨНЕРІНІҢ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада автор бүгінгі қазақстандық сахна өнерінің даму контекстіндегі қуыршақ театрының мәселелері туралы өзінің ғылыми-теориялық көзқарасын білдіреді. Қазіргі таңда жиі айтылып, жазылып жүрген қуыршақ театрының көркемдік деңгейі, оның репертуар мәселесі, көрермендермен жұмыс жасауы туралы, қуыршақ актерінің сахналық тіршілік ету табиғаты туралы тұжырымдарын білдіреді. Заманауи техниканы қолданудағы театрдың табыстары мен режиссерлік және актерлік ізденістерге баға беріледі. Соның ішінде, ересектерге арналған қуыршақ қойылымдарының көркемдік өресі, жетістіктері мен кемшіліктері жайында талдаулар беріледі.

**Трек сөздер:** қуыршақ театры, режиссерлік ізденіс, қуыршақ қойылымдары, сахна өнері, актерлік өнер.

### Кіріспе

Қазіргі таңда еліміздің сахналық өнері жан-жақты дамып, әртүрлі көркемдік-шығармашылық міндеттерді жүзеге асырып жатыр. Оларға дер кезінде теориялық-зерттеушілік көзқарас білдіру әрқашанда маңызды мәселе. Әсіресе, қазақстандық жас театр режиссерлеріндегі өмірді қабылдауы мен

өзіндік топшылауға деген талпыныстары, қызғылықты суреткерлік шешімдері мәдени-театртанушылық тұрғыдан пайымдауларды талап етеді. Әр түрлі ізденістер драмалық театрларда ғана емес, қуыршақ өнерінде де байқалып отыр. Ерекше эксперименттер мен ізденістерге барып жүрген өнер ұжымдары қатарында Ақтөбе олбыстық

«Алақай» және Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театрлары бар. Олардың репертуарлық саясаты, көркемдігі кемел шығармалары, мазмұнды спектакльдері, театрдың эстетикалық-тәрбиелік функциялары зерттеушілер мен театртанушылардың назарын өзіне аудартып отыр.

Қашанда тылсымын ішіне бүккен қуыршақ әлемі жасы мен жынысына қарамастан адамзат баласын өзіне тартатыны рас. Өлі затқа жан бітірген қуыршақшының іс-әрекеті ғұрыптық мән-мағынаға толы, құпиясын ашуға, жұмбағын шешуге еріксіз асықтырады. Есте жоқ ескі замандарда жәрмеңкелердегі «думанды өмірдің» ажырамас атрибуты болған қуыршақ қойылымдары бүгінде күрделі даму процесін бастан өткеріп, ерекше танымдық-тәрбиелік, әлеуметтік-философиялық қызметтерді қатар атқару нәтижесінде жаһандық мәдениеттің феноменіне айналып отыр. Қазақстандық қуыршақшыларда өз спектакльдерінде заманауи техниканы, қуыршақ жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдерді жөнімен қолданып, соңғы бірер жылда әлемдік театрлық үдеріске бет бұрғанын байқатып жүр.

### **Әдістер**

Қуыршақ театры туралы жазылған көптеген шетелдік және отандық театр зерттеушілері мен практиктерінің еңбектері аса көп. Оларда қуыршақ театрының өзекті ғылыми-теориялық мәселелері әрдайым айтылып келеді. Бірақ, өкінішке орай, елімізде қуыршақ театрын тек балаларға арналған өнер мекемесі ретінде қарайтындардың қатары мол. Осындай стереотипті пікірдің терістігін, бұл өнердің барлық топтағы адамдарға арналғандығы туралы отандық зерттеулердің аздығы

бары байқалады. Сондықтан мақалада салыстырмалы зерттеу, сыншылық топшылау мен спектакльді семантикалық әдіспен талдау жүзеге асырылып, еліміздегі қуыршақ театрларының қайсыбір мәселелері тұжырымдалып, көтеріледі.

### **Нәтижелер**

Қазіргі қазақстандық қуыршақ өнері әлемдік театрлық үдерісте өз орнын алған мәдениетіміздің бірегей саласы деген ой түйіндейміз. Оның заманауи технологияларды меңгерудегі жетістіктері іргелі ізденістердің нәтижесі деуге мүмкіндік береді. Қуыршақтар өнері тек жас бүлдіршіндердің ғана емес, ересектер аудиториясына да кеңінен эстетикалық ләззат беретін, рухани ой салатын мәдени орын.

### **Пікірталас**

Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы соңғы маусымда ерексектерге арналған В.Ионовтың «Ана жүрегі», Ш.Айтматовтың «Ана – Жер ана», Еврипидтің «Медеясы» сынды қойылымдарын көрермен назарына ұсынып отыр. Театрдың бұл шығармашылық ізденістері туралы әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Ресми емес басылымдарда, атап айтқанда, «Facebook» әлеуметтік желісінің парақшаларында жекелеген өнер қайраткерлері мен шығармашылық ортаның, ғылыми-зиялы қауымның қызу дискуссияларын байқап жүрміз. Ортақ бір ой, қазақ еліне қуыршақ театры қажет пе және ол ересектер аудиториясына қызмет етуі дұрыс па деген сауалдар төңірегінде әңгіме өрбітеді.

Осы мәселенің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу барысында, қуыршақ театрының көрермені тек балалар ғана

емес, қуыршақ өнерін құрметтейтін кез келген азамат бола алатынына көз жеткіздік. Оның негізгі себебі бүгінгі әлемдік театрлық үдерісте өтіп жатқан жанрлардың бұлыңғыр тартып, күрделі өзгерістерді басынан кешіп жатуымен байланысты. Әлемдік суреткерлер А.Шапиро, Т.Курентзис қуыршақты операда, ал басқа режиссерлер драма театрларында қолданудың жолдарын көрсетіп жүр. Француз қуыршақшысы Ф.Жантидің құпиялы қойылымдары түгелдей заманауи технологияларды жетік қолданудың нәтижесінде ересек көрерменнің жүрегін «магиясымен» жаулап алғаны жасырын емес. Грузиндік Р.Габриадзенің марионетка театры күллі әлемдік аузына қаратып отырғаны да белгілі.

Ресейлік қуыршақ режиссері М.Королёв: «Қазіргі қуыршақ өнерінің өзекті мәселесі – бұл эксперимент жасауға қақылы болу, яғни осы қаладағы, аталмыш ұжымдағы актерлер құрамымен жасайтын өзінің жеке экспериментін жасау құқығы. Шығармашылық тәуекелсіз ешқандайда қызықты құбылыс болмайтыны шындық. Бірақ эксперименттің алдында әр дайым қиындықтар мен кедергілер көптеп кездеседі. Бұл театрдың басшылығы, ұжымның инерциясы, сыншылардың пікірлері, т.б. қолбайлау болуы мүмкін. Ал бұл мәселе өз кезегінде бірсарындылыққа, ұқсастыққа ұрындырары сөзсіз» [1] – деген екен. Көпті көрген көне көз режиссер пікірі өте орынды екенін мойындамасқа шарамыз жоқ. Өнердің алға жылжуы әрдайым осы сахналық эксперименттерімен байланысты болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сондықтан Алматыдағы қуыршақ театрының ересектерге арналған қойылымдарды қолға алуына ешқандай да заңнамалық,

теориялық-тәжірибелік тыйым жоқтығын түсінеміз. Дегенмен, ізденістер театрдың негізгі даму тенденциясына айналып кетіп, кішкентай бүлдіршіндер ұжым назарынан тыс қалмай ма деген қауіпте жоқ емес. Бірақ, бұл мәселенің сыртқы сипаты ғана. Негізгі түйіткіл осынау ересектер аудиториясына арналған спектакльдің көркемдік-идеялық деңгейі қандай дәрежеде екеніне жауап табу болмақ.

Алматы мемелкеттік қуыршақ театрының репертуарында үлкендерге арналған әзірге он шақты спектакль ғана бар. Солардың мысалында театрдың даму бағытын бағалап көрсек. Алғашқылардың бірі болып ересек көрерменге жол тартқан А.П.Чеховтың «Қаштанка» (режиссері К.Адылов) қойылымы болды. Қарапайым күшіктің өмір хикаясы, оның сахналық жүзеге асуы, қуыршақтарды жүргізудің жаңа тәсілдерін көрермен дұрыс түсініп қабылдады.

Сөйтіп, театр 2017 жылы «Ана жүрегі» қойылымын жарыққа шығарды. Жас режиссер А.Зайцевтің алғашқы туындыларының (аталмыш театрда «Буратиноны» қойған) бірі бүгінгі қоғамымызда аса маңыздылыққа ие Ана мен баланың ара-қатынасына арналған. Өзекті тақырыпты арқау еткен бір сағаттық қойылым семантикалық астарымен, күрделі метафоралық тілімен қызықтырады. Режиссер сахнада қарапайым қолданыстағы заттарға жан бітіру арқылы әрбір реквизитке жаңаша мағына сыйғызған. Соның нәтижесінде спектакльдің астарлы контексті түзіледі. Мәселен, спектакльдегі ерекше акцент берілетін «алтын алма» арқылы бірнеше мазмұнды ұғамыз. Біріншіден, алма – тыйым салынған жеміс, қол жеткен күннің өзінде, соңында бір береке болмайтындығын түсінсек,

екіншіден, бүгінде сәнге айналған «Айфон» телефонының лейблінде еске салады. Яғни, «сенің «алтын алмаң» жоқ па?» дегеннің негізінде «Айфоның» бар ма?» деген сауалды аңғару қиын емес. Осы сияқты, спектакльдің мағынасын аша түсетін келесі бір шешім – бөшкелермен арпалысқан Ана сахнасында орын алады. Қара темір бөшкелер – тауқыметтер, ауыр еңбек, қиындықтардың белгісі ретінде сөйлейді. Іштен шыққан шұбар жылан баласына «алтын алманы» қалай болсада әпермекке бел буған Ананың қара жұмысқа жегіліп, тыраштанғанын, ес шығып, жан кеткенше күрескенін режиссер пантомима тілінде әдемі шешкен. Қарапайымдылығымен көз тартып, бірақ мол ұғымды сыйғызған тағы бір ұтымды шешім – арқандар. Арқан – өмірлік жолдар. Бала есейген сайын, өмірлік жолында өзге адамдармен қарым-қатынасқа түскен сайын арқандар-жолдарда көбейіп, шатыса бастайды. Бірі бітсе, екіншісі басталады. Қым-қуыт өмір ағымын режиссер осылайша жеткізеді. Сонымен қатар, ырымды мағынаны да дұрыс қолданған режиссер Ананың қолында ұстаған ыдыстағы сүттің төгілуін спектакльге орынды пайдаланады. Сүттің ақтарылуы белгілі бір ассоциативті ой тудырып, спектакльдің драматизмін қоюлата түскен. Сол сияқты, Ана қолына шырақ ұстап шығуы, сол шырақты Баласының туған күніне сыйлап: «Менде бары осы ғана, алшы, құлыным» деген сөзінің астарында «жанымды берейін» деген түсініктің жатқанында ретімен оқыла берді. Өзінің түпкі мақсатына жету жолында режиссер А.Зайцев актерлерді екі планда, яғни тірі актерді және қуыршақты да қойылым тініне еркін енгізген. Тарқата айтсақ, Ана бейнесі – драмалық кілтте, ал Бала

бейнесі қуыршақпен (кей кездері ол драма үрдісінде) ойналады. Актриса Т.Тлеулинова рольдің психологиялық-пластикалық партитурасын дұрыс түсініп орындайды. Т.Тлеулинова жасаған Ана бейнесі жүрегі жылылыққа толы, мейірімді, перзенті үшін шыбын жанын да аямайтын әйел кейпінде көрінеді. Актриса драмалық ситуациялардағы кейіпкердің тебіреністері мен толғаныстарын шебер жеткізіп, спектакльдің мән-мазмұнын арттырды. Толқынның Анасы – қазақтың немесе басқа бір ұлттың ғана емес, жер бетіндегі Аналардың жинақтық образы деңгейіне көтерілген. Бала бейнесін жасаған Р.Абу қуыршақ жүргізудегі шеберлігімен қатар, драмалық сахналарда кейіпкердің жан-дүниесіне де еш қиындықсыз ене алатын мол қабілетін байқатты. Қазіргі таңдағы балалардың психологиясын жете зерттегені де оның қуыршақты ойнатудағы кейіпкердің дауысы мен үнін, еркелігін, іс-әрекеттерін әдемі үйлестіргендігінен көрінді. Актер Р.Абу – Бала бейнесі арқылы бүгінгі жастардың кескін-келбетін көз алдымызға әкеле берді.

Режиссер Бала мен Ананың өзара қазақша және орысша сөйлету арқылы заманымыздың тағы бір ушығып тұрған мәселесін – өскелең ұрпақтың ана тілінен шеттеп бара жатқанын еш пафоссыз, ұрансыз-ақ жеткізеді.

Заманауи театр стилистикасында қойылған спектакльде бірнеше жанр үйлесе, үндесе шоғырланған. Бірімен бірі іштей байланыса туындап жатқан карикатура мен хореография (түнгі клуб көрінісі), пантомима (Ананың ауыр жұмыс жасаған сахнасы), сатира (туған күн тойлайтын тұс) элементтері сабақтаса өрістеп, оқиға соңы орын толмас трагедияға (Ана өлімі) ойысуы да қисынды.

Режиссер спектакльдің ең шешуші қайғылы сәтін сахналық 3D эффект арқылы жеткізеді. «Сен менің анам емессің, ол менің анам емес...» деп Баланың анасынан бас тарту көрінісін режиссер саналы түрде сахнада 3 рет қайталап көрсетеді. Осылайша, ана өліміне әкелетін трагедиялық жағдайдың туындау қиысынын орынды ақтап алады. Бір жағынан 3D эффект 3 рет қайталанғандықтан құлағыңды жаңғырықтай сақталып, жадымызда жатталып қалады. Спектакльде қомақты декорация болмағанымен суретші (С.Мелцев) жұмысы бірден көзге түседі. Оқиғалар өтетін орнының нақты көшірмесін емес, іс-әрекетке қолайлы метафоралық сценографияның жасалауы режиссердің спектакльдегі уақыт пен кеңістікті ұтымды сөйлетуге мол мүмкіндік берген. Актерлердің қозғалуға икемді киімдері, қуыршақтардың функционалдығы және қойылымның көркемдік идеясын ашуға бағытталғаны – қажырлы еңбектің жемісі. Музыкалық және жарық партитуралары да әрбір көріністің мән-мазмұнын тереңдете түсуге арналғандықтан спектакльдің бітеқайнасқан бір мүшесіндей болды. Оқиғаның сюжеті Баланың естелік хатарын оқуымен байланысып отырады. Спектакльге қатысушы барлық актерлерге кезектестіре хат оқыту арқылы жаһанның әр түкпірінде Анасына өз жан сырын арнап жатқан жандардың естеліктері бар екенін жеткізгісі келеді режиссер. Дегенмен, хаттар мәтінінің бір-біріне ұқсастығы және онда суреттелген белгілі бір оқиғаның болмауы, яғни драмалық өрістеудің жоқтығы, спектакльді бірсарындылыққа әкелген. Егер актерлердің мүмкіндігі жетсе, болашақта хаттарды тек орысша, қазақша ғана

емес, басқа тілдерде де оқытуға болатындай. Спектакльде «қараңғылау» эффектісі әсіре көп қолданылғандықтан туындының көркемдік тұтастығы сақталмай жатты. Соның салдарынан қойылымның нәзік атмосферасына нұқсан келген. Спектакльге қатысқан ұжым мүшелері А.Жақыпбаев, А.Байырбекова, А.Сақтағанова, М.Камалов, Г.Бейсембаева сахналық серіктестікті шебер меңгерген. Ортақ қимыл, үндескен әрекет қойылымның сыртқы пішінін астарлы мағынамен толықтыруға тыңғылықты қызмет атқарған. «Бәрін айтпа, бірін айт» демекші, спектакльдің көркемдік идеясы – Анаға құрмет көрсет, қасыңда жүргенде аяла, сыйла... әйтпегенде, «қолда барда алтынның қадірі жоқ», қапыда айырылып қаласың деген күрделі ойды баяндайды. Осылайша, ауқымды да өзекті тақырыпты арқалаған «Ана жүрегі» спектаклі үлкен-кіші демей баршаның жүрегін баурады. Бұл бізге эксперимент сәтті өтті деуге мүмкіндік береді.

Аталмыш өнер ұжымының ересектерге арналған келесі қойылымы Ш.Айтматовтың «Ана – Жер ана» (режиссері Д.Жұмабай) спектаклі болды. Соғыс тақырыбын арқау еткен қойылымның сахналық жүйесінде қуыршақтардан қарағанда драмалық жағына мол орын берілгені туралы баспасөзде де айтылды. «Қуыршақтардың да түр-түсінің бірдей болуы» [2, 57 б.], «қуыршақтар да бір-біріне ұқсап қалған және ол қуыршақтарға режиссер акцент те бермеген, негізінен актерлердің драмалық қырын көрсету жағына көбірек мән берілгендіктен де ересектерге арналған спектакль деп қабылдадық» [2, 59 б.] – деген пікірлер жазылды. Жалпы спектакльде

қуыршақтардың аздығы байқалды. Бұл мәселенің төркіні театрдағы арнайы қуыршақ жасайтын шебердің жоқтығымен байланысты екен. «Нағыз театрлық қуыршақ өнер туындысы болуы керек. Қуыршақта шебердің суреткерлік қайталанбас қолтаңбасы болуы қажет, бірақ, ең бастысы, ол спектакльдің айтар ойына толықтай сәйкес келуі тиіс. Қуыршақ басты идеяны жеткізіп, спектакльдің көркемдік безендіру жүйесіне еркін еніп, қолдануға өте ыңғайлы, әрі актердің «қолына шақ» болып, оның сахналық серіктесіне айналғаны маңызды» [3, 6 б.]– деп жазады орыс қуыршақ режиссері, әрі педагог В.Советов. Қуыршақты жасау өндірісі елімізде жолға қойылмауы, арнайы қуыршақ шеберлерінің аздығы қуыршақ спектакльдерінің көркемдік биікке шығуына қол байлау болуымен байланысты.

Осы мәселені шешу жолында Алматы мемлекеттік қуыршақ театры көпшілік назарына Айдын Салбанның режиссерлігімен қойылған кезекті спектаклін «Медеяны» ұсынды. Еліміздің жас буын режиссерлері қатарында ізденістерімен көзге түсіп жүрген А.Салбанның қолтаңбасы толықтай қалыптасып үлгермегенімен, ерекше театрлық метафораларға құштарлығы, айрықша формаға талпынысы байқалып жүр. «Медея» трагедиясына да режиссер тың шешімдерімен келген. Спектакльде ол «театрдағы театр», «қатыгездік театры», «саундрама», «ирониялық шеттеу» («отстранение»), т.б. режиссерлік тәсілдерін тиімді тоқайластырған. Трагедияның ішкі мазмұнын ашуға бағытталған сыртқы форманың ұтымды табылғаны режиссер шешеімдерінің ретімен оқылып жатқанымен байланыстыруға болады.

Спектакль экспозициясы трагедияның

негізгі тақырыбы отбасылық өмір жайында екенінен хабар береді. «Сендерге әрдайым орын бар, ақ отау төріне қоныңдар» – деп келетін қалың бұқараға кеңінен танымал әннің әуенімен бір-бірімен сүйісіп табысқан, кейбірі мәжбүрлікпен жұптасқан жандардың басқосуы көрсетіледі. Бұл жас жұбайлардың арасында әлі де қоғамымызда ашық айтыла бермейтін біржақты махаббат өкілдері де бар. Режиссер отбасылық қатынасты екі басына неке жүзігі байланған жіптерді (леска) қолдану арқылы жеткізеді. Бейвербалды тәсілде ойналған экспозиция сәл созылыңқырап кеткені болмаса, негізгі оқиғаның мәнін ашуға арналған. Ары қарай режиссер А.Салбан спектакльдегі «ойын ережесін» қызықты ете түседі. Қойылымның нарративтік негізін өзгерту мақсатында «театрдағы театр» тәсілін қолданады. Яғни, сахнада Олимп құдайлары Зевс, Гера, Аид, Афродита, Эррида, т.б. арасындағы қарым-қатынасы, тіршілігі суреттеледі. Бұл көріністе ежелгі грек мифтерінде көп айтылатын Құдайлардың шат-шадыманға толы салтанатты өмірі ғана емес, өзара кикілжіңге толы ымырасыздығы да жеткізіледі. Ақыры, сөз таластырудан жалыққан олар спектакль ойнауды жөн санады. «Адамның тағдыры Құдайлардың қолында» деген ежелгі гректердің сенімдерінен бастау алған спектакльдің сыртқы формасы пьесаның мазмұнына кереғар емес. «Ирониялық шеттеу» әдісі арқылы режиссер спектакль идеясын гректердің дүниетанымыны аясында шешкенімен сахнадағы ойынан бүгінгі күннің кейіпкерлерін көреміз. Пьесаның құлаш-құлаш мәтінін тыңдап, қабылдау қазіргі көрерменге сынақ іспетті. Сол себепті де режиссер пьесаны қысқартып, оны іс-қимылмен көмкерудің жолы ретінде Құдайлар өмірін бейвербалды



әркетпен толықтырған.

Ал, жалпы спектакль пьесаның негізгі желісіне сүйеніп, Медеяның әйелдік қалпын, ой-тебіреністерін жеткізуге арналады. Медея роліндегі актриса А.Байырбекова өз кейіпкерінің басына түскен трагедияны бояуын қалыңдатып, психологиялық тереңдікпен жеткізеді. Қуыршақ жүргізудің де қыр-сырын еркін меңгергені әбден байқалып тұр. Медеяның буырқанған махаббат сезіміне толы толғанысы салқынқанды Ясонның (актер Р.Абу) жүрегіне әсер берме алмады. Актер Р.Абу орындауындағы Ясон бейнесі аса ұстамды. Актер кейіпкерін қасаң, сараң ойын өрнегімен кескіндеген.

Оқиғаның әлеуметтік астары сюжетке әркез араласып отыратын «халық үнімен» ашыла түседі. Антика театрындағы грек хорын еске салатын «халық өкілдері» Медеяның «намысын жанып», қауесет жеткізіп, «түймедейді түйедей етіп» көрінуіне ат салысады. Әлеуметтік желілердің қызметін, қоғамдық ой тудырудың тетіктерін астарлап жеткізген бұл көріністердің де айтар ойы салмақты.

Оқиғаның шарықтау шегінде орын алатын кек сахнасын режиссер «қатыгездік театр» тәсілімен шешеді. Креонт патша мен оның сүйікті қызы ажал құшты, бұл көріністі А.Салбан қуыршақтарды сындыру, қирату арқылы жеткізіп, жарқын театрлық тілде (натуралды емес) жүзеге асырылған шешім көрерменнің эмоциясына емес, санасына әсер бергені анық.

Спектакльдің семантикалық жүйесінде сахна ортасында орын тепкен ванна – отбасылық өмірдің белгісі, су тіршілік көзі, от – Медея мен Ясон арасындағы ымырасыз келіссөздің белгісі, ал оқиға финалына қарай ваннадан Аид (жер астындағы өлі

жандарының патшасы) алып шығатын қос қарбыз – махаббат жемісі, яғни сәби-перзент екенін жеткізетін айшықты белгілер. Олардың бәрі өз кезегінде көрерменді философиялық топшылауларға жетелеп отырды. Оқиға финалында Медеяның өз балаларын өлтіруге итермелеген Аидтің (актер Ш.Құлназаров) қарбызды қысым көрсету арқылы жарғызуы – режиссердің жантүршігерлік қылмысты Медея мәжбүрліктен жасаған деген ойға жетелейді. Ал спектакльдің соңғы нүктесінде Аидтің өз бауырларына жарылған қарбызды жегізуі – ойыннан от шыққанын жеткізді. Спектакльде кеткен кем-кетік, әттеген-айларда жоқ емес. Темпо-ритмнің баяулығы, қуыршақтарды жүргізу тәсілдеріндегі кемшіліктер, актерлердің сахнада тіршілік ету жолдарының (актерлік стилистикасының) әр түрлі болуы уақыт өте орнына келетіні сөзсіз. Ең бастысы, спектакльдің өзгелерге ұқсамайтын сахналық кескіні бар, идеясы да бұрынғы сүрлеулерді қайталамайды. Осылайша, көнеден тамыр тартқан аңыз оқиғасы бүгінгілік астарға ие болып, өзіндік жаңа шешімдерімен жұртшылыққа жол тартты. Қойылымның өз көрермені, жанкүйерлері болары сөзсіз.

### **Қорытынды**

Бүгінгі қазақ сахна өнері жаңаша даму процесін басынан өткеруде. Соның ішінде қуыршақ театры жаңа көрермен, жаңа көркемдік биікті бағындыруға мақсатында мол ізденістерге жүгініп жатыр. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, үлкендер аудиториясына арналған эксперименттер өте қызықты, бірақ спектакльдердің көркемдік сапасын әлі де арттыру, жетілдіру қажет. Екіншіден, елімізде ересектерге арналған қуыршақ спектакльдерін қою елімізде бүтін

бір тенденцияға айналып кеткен жоқ, дегенмен бұл аудиторияда қуыршақтар көмегімен қойылған дүниелерді тамашалауға пейілді екенін байқадық. Үшіншіден, қуыршақ актерінің ойын

табиғаты өзгерген. Актерлердің тек қуыршақшы ғана емес, драмалық қырларының да режиссер тарапынан назарға алынып отырғандығына көз жеткіздік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Королев М. Искусство театра кукол. Режиссер в театре кукол. – СПб.: Российский государственный институт сценических искусств, 2015. – 368 с.
2. Ахмет А. Бүгінгі қазақ қуыршақ театрының тынысы // Мәдениет. – 2018. – №4. – Б. 54 – 61.
3. Советов В.М. Театральные куклы: технология изготовления: учебник. – Изд. 4-е. – СПб.: ГАТИ, 2014. – 192 с.

#### **Жаксылыкова М.Б.**

*Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова*

### **ПРОБЛЕМЫ ТЕАТРА КУКОЛ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ СЦЕНИЧЕСКОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА**

#### **Аннотация**

В статье автор рассматривает проблемы кукольного театра в контексте развития казахстанского театрального искусства. Сегодня часто говорят о художественном уровне кукольного театра, его репертуаре, о том, как он работает со зрителями, о спектаклях и о природе существования актера на сцене. Оцениваются результаты использования театром современных технологий, достижения режиссеров и актеров.

**Ключевые слова:** кукольный театр, режиссерские поиски, кукольные спектакли, сценическое искусство, актерское искусство.

#### **M. Zhaxylykova**

*T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts  
(Almaty, Kazakhstan)*

### **PROBLEMS OF PUPPET THEATRE IN THE CONTEXT OF THE DEVELOPMENT OF SCENIC ART IN KAZAKHSTAN**

#### **Abstract**

In the article, the author examines the problems of Puppet Theater in the context of the development of Kazakhstanian Theatrical Art. Today they often talk about the artistic level of the puppet theatre, its repertoire, how it works with the audience, about the performances and about the nature of the existence of an actor on the stage. The results evaluated of modern technology by the theatre, the achievements of directors and actors.

**Key words:** puppet theatre, directorial searches, puppet shows, stage art, acting art.

**Автор туралы мәлімет:** Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы - өнертану кандидаты, Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, Алматы, Қазақстан.  
e-mail: topjargan@mail.ru

**Сведения об авторе:** Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы — кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной академии искусств



имени Т.К.Жургенова, Алматы, Казахстан.  
e-mail: topjargan@mail.ru

**Author's data:** Meruert Zhaxylykova – candidate of Arts, associate professor at the T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: topjargan@mail.ru